

Тураров Д.Р., Нагимова А.А.

**Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жүйесі**

Мемлекет басшысының Жолдауында еліміздегі кәсіпкерлерді қолдауға көп көңіл бөлінген. Жұмысын жаңа бастаған кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан әдістемелік көмек беру қарастырылған. Елбасының сындарлы саясаты – өркениетті елдер қатарына кірудегі жалпыға ортақ бағыт. Бүгінде шағын және орта кәсіпкерлік инновациялық экономикада өз орнын жедел іздеу үшін өзінің икемділігін, ұтқырлығын, нарықтық объективтілігін пайдалануы қажет жағдайға жетті. Мемлекет өз кезегінде кәсіпкерлік ортаның бастамаларын іске асыруға қолайлы жағдай жасауы үшін өз көмегін шағын және орта кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, елдің ғылыми-технологиялық әлеуетін арттыруға бағыттауы тиіс. Осыны ескере отырып, берілген мақалада еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау шаралары және де мемлекеттің қолдау құралдары мен тетіктері қарастырылды. Сонымен қатар, қазіргі еліміздің экономикалық жағдайын ескере отырып, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту маңыздылығы атап көрсетілді.

**Түйін сөздер:** Шағын және орта кәсіпкерлік, инновация, технопарк, бизнес-инкубатор, халықаралық институттар.

Turarov D.R., Nagymova A.A.

**System of the state support of small and average business**

In the message of the head of state much attention is paid to support of businessmen in the country. For the beginning businessmen from the state rendering the methodical help is provided. Constructive policy of the head of state is the general joint direction to accession to the civilized country. Today small and average business reached opportunity to use the flexibility, mobility, market objectivity for fast search of the place in innovative economy. The state in turn to create conditions for realization of initiatives of the enterprise environment has to direct the help on increase of competitiveness of small and average business and on increase of scientific and technological capacity of the country. Taking into account it, in this article measures of support of small and average business in the country, and also mechanisms and tools state supports were considered. At the same time, taking into account the real economic conditions, importance of development of small and average business was emphasized.

**Key words:** Small and average business, innovation, technology park, business incubator, international institutes.

Тураров Д.Р., Нагимова А.А.

**Система государственной поддержки малого и среднего предпринимательства**

В послании Главы государства уделено большое внимание поддержке предпринимателей в стране. Для начинающих предпринимателей со стороны государства предусматривается оказание методической помощи. Конструктивная политика Главы государства – это общее совместное направление к присоединению в цивилизованную страну. Сегодня малое и среднее предпринимательство достигло возможности использовать свою гибкость, мобильность, рыночную объективность для быстрого поиска своего места в инновационной экономике. Государство, в свою очередь, чтобы создать условия для реализации инициатив предпринимательской среды, должно направлять свою помощь на повышение конкурентоспособности малого и среднего предпринимательства и на повышение научно-технологического потенциала страны. С учетом этого, в этой статье рассматривались меры поддержки малого и среднего предпринимательства в стране, а также механизмы и инструменты государственной поддержки, была подчеркнута важность развития малого и среднего предпринимательства.

**Ключевые слова:** Малое и среднее предпринимательство, инновация, технопарк, бизнес-инкубатор, международные институты.

## **ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІ**

Дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингінде Қазақстан кәсіпкерлікті дамыту бойынша 183 мемлекеттің ішінде 49-орын алады. Бұл елімізде кәсіпкерліктің даму деңгейі жоғары екендігін көрсетеді.

Қазіргі күні еліміздің басты мақсатының бірі болып дамыған 30 елдің құрамына кіру болып табылады. Елбасы 2014 жылдың 11-қарашасында мәлімдеген «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жолдауында «шағын және орта бизнес 2050 жылға қарай Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің кемінде 50 пайызын өндіретін болады. Еңбек өнімділігін 5 есеге – қазіргі 24,5 мыңнан 126 мың долларға дейін арттыру керек» деген тапсырма берді. Бұдан кәсіпкерлік қызметтің мемлекет үшін маңызды бағыттардың бірі екенін көре аламыз. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың басты мәселенің бірі – шағын және орта кәсіпкерлік инфрақұрылымы. Сондықтан да алға қойған мақсатымыздың ең басты мәселесі инфрақұрылым институттарын дамыту мен оны жоғары деңгейге жетілдіру – осы мәселе шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуда аса зор маңызға ие.

Экономиканың тұрақты болуы және оның бәсекелік сипатын қалыптастырудың басты күштерінің бірі кәсіпкерлікті жетілдіру болып табылады. Жалпы кәсіпкерлікті дамыту үшін бірнеше белгілі шарттар орындалуы қажет:

– Кәсіпкерлік субъектінің белгілі бір дәрежеде еркіндігі мен құқығы болуы қажет. Ол – шаруашылық қызметінің бағытын таңдау, өндірістік, сауда бағдарламаларын анықтау, қаржы көзін таңдау, өнімдерді тасымалдау, өнімге баға белгілеу, табысты өз мұқтажына жұмсау;

– Кәсіпкерлік қабылданатын шешімдерге, одан туындайтын нәтижелерге тәуекелдікті қажет етеді.

– Кәсіпкерлік қызметтің белгілі коммерциялық табысқа жетуге бағдар ұстауы, экономикада қажетті нарықтық құрылым орнатумен байланысты. Яғни кәсіпкерлік дамуы үшін оның құқықтық базасы, әлеуметтік-экономикалық шарттары қалануы керек.

– Кәсіпкерлік – белгілі стиль және тәртіптің типі, жинақтап айтсақ: үлкен бастама, дәстүрден тыс шешімдерді іздестіру, тәуекелге бару, іскерлік қызметтің орын алар жер.

Шағын кәсіпкерліктің өзіндік артықшылықтары да бар. Оларға:

- Сыртқы экономикалық факторлардың өзгеруіне тез бейімділігі;
- Шағын инновациялық кәсіпкерлік бір салада тоқтап қалмай, экономиканың барлық сферасын қамтиды;
- Шағын кәсіпкерлік ірі компанияларға қарағанда ғылыми – техникалық зерттеулер нәтижелерін инновацияларды өнеркәсіпке жылдамырақ енгізеді; Қазіргі уақытта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында Қазақстанда 44 бизнес-инкубатор мен инновациялық орталықтар қызмет етеді. Олардың мүлдем барлығы дерлігі жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша құрылды және өздерінің қалыптасу кезеңінде.

Бизнес-инкубаторлар – өз алаңдарына арнайы жеңілдік жағдайда іріктелген шағын кәсіпорындарды орналастыратын және оларға консалтингтік, оқыту, бухгалтерлік және офистік қызметтер, оқыту бойынша қызмет көрсететін құрылым. Бизнес-инкубаторлардың негізгі мақсаты оның аумағында орналасқан шағын кәсіпорындардың орнықты қызмет етуін қамтамасыз ету болып табылады.

Ең көп бизнес-инкубатор Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарында құрылған. Мұны келесі кестеден көруге болады:

Технопарктер – бұл жоғары оқу орындар негізінде немесе ғылыми – зерттеу институттар негізінде бұл ЖОО ғылыми потенциалын өңделген технологиялар арқылы шағын инновациялық кәсіпорындар территориясында орналасатын технопарктерді дамыту үшін ұйымдастырылатын құрылымдар технопарктер үлкен университетті орталықтарда жасалады.

Халықаралық институттар. Бүгінгі күнде қазақстандық шағын кәсіпкерлік субъектілеріне ресурстық, әдістік және ақпараттық қолдау көрсететін Қазақстан Республикасының аумағында 150 астам аккредиттелген шетелдік халықаралық ұйымдар әрекет етуде.

Қазақстанда халықаралық ұйымдар мен шетелдік қорлардың өкілдіктері іске асыратын жобалар мен бағдарламалардың көп түрлігінен хабардар және талдайтын және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен қолдаудың шетелдік институттары арасындағы тиімді кері байланысты қолдайтын бірыңғай орган жоқ.

«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ – кәсіпкерлікті қолдау шараларының негізгі операторы және интеграторы. Қор Бағдарламасы негізгі үш бағыт бойынша жүзеге асуда: кә-

сіпкерлер үшін қаржыландыру мөлшерін және қолжетімділігін арттыру; кәсіпкерлік секторын әртараптандыруға және оның индустриалдық-инновациялық дамуына жәрдемдесу; ШОБ субъектілерінің кәсібилігін жаңадан істі бастаған кәсіпкерлер мен ШОБ кәсіпорындарының топ-менеджменті негізінде оқыту, шетелдік стажировкалар, сервистік және ақпараттық қолдаулар.

1-кесте – Қазақстандағы бизнес-инкубаторлар саны

№	Облыс аты	Кәсіпкерлерді дарлау орталықтары	Бизнес-инкуба- торлар саны
1	Ақтөбе облысы	3	8
2	Атырау облысы	6	1
3	Ақмола облысы	-	-
4	Алматы облысы	1	1
5	Шығыс Қазақстан облысы	1	2
6	Батыс Қазақстан облысы	2	2
7	Жамбыл облысы	1	-
8	Қарағанды облысы	2	2
9	Қостанай облысы	2	1
10	Қызылорда облысы	1	8
11	Маңғыстау облысы	1	1
12	Павлодар облысы	2	4
13	Солтүстік Қазақстан облысы	2	1
14	Оңтүстік Қазақстан облысы	1	8
15	Астана қаласы	1	1
16	Алматы қаласы	1	1

Қор құрылымында Қазақстанның барлық 14 облыстары мен Астана және Алматы қалаларында 16 өңірлік филиалдары бар. Бүгінгі күні Қормен кәсіпкерлерді қаржылық және ақпараттық-консультациялық қолдаудың 25-тен астам бағдарламалары жүзеге асуда.

Экономикалық белсенді халыққа бизнес ашу және жүргізу, мемлекеттік қолдаудың құралдары мен шарттары бойынша ақпарат және консультация алуға мүмкіндік беретін бірыңғай бизнес-инфрақұрылым құрылатын болады. Шағын және орта бизнес субъектілерін және онда жұмыспен қамтылған халықтың жылдық санын көбейту мақсатында оқыту бағдарламалары бойынша жұмыс жандандырылады. Оның ішінде, бизнесін жаңа бастаған кәсіпкерлерге 2014 жыл-

дың 14 ақпанынан бастап, «Бизнес кеңесші» бағдарламасынан бөлек, өз бизнесін жаңа бастаған субъектілерге «Бизнес өсім» жобасы іске қосылды. Әр облыста жүйелі түрде Жас кәсіпкерлер мектебі жұмыс істейтін болады.

Қазақстанда құрылған кәсіпкерлік субъектілерінің басым бөлігі сауда саласында қызмет жасайды. Өйткені, сауда немесе коммерциялық бизнес басқа бизнес түрлеріне қарағанда жақсы дамыған. Бұның дәлелі, Қазақстан қалаларындағы әртүрлі дүкендер мен базарлар саны. Ұзақ мерзімде кәсіпорындар тек саудамен ғана емес, экономиканың әр саласында жұмыс істеуі қажет. Сол үшін мемлекеттік органдар кәсіпкерлік субъектілеріне жан-жақты көмек көрсетуі қажет.

Жалпы кәсіпкерліктің экономикалық белсенділігі мен әлеуметтік бағдар ұстауының кепілі оның өздігінен қоғамның орташа топтарына жататындығы емес, оның дәулеті мен тұрмысының нақты шынайы меншікке негізделуі болып табылады. Қазіргі уақытта шағын кәсіпорындар жұмыс істеп тұрған барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің 80 пайызын құрайды. Сонымен бірге кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған шешімдерді орындауда іркіліс байқалады. Бұл жерде басты себеп – бюрократиялық қысымдар. Осындай және басқа да себептерге байланысты кәсіпкерлер бөлігі жасырын салаға өтіп жатыр. Осы жағдайда ескеретін жәйт, кәсіпкерлердің құқығын қорғайтын жүйе жасау, тексеруші органдардың және рұқсат беруші құжаттардың санын азайту. Кәсіпкерлердің жетпіс пайызы оларды қолдайтын аймақтық бағдарлама туралы хабары жоқ. Кәсіпкерліктің күрделі мәселелерінің бірі – несиелік ресурстарды алудың қиындығы. Себебі, несие алу үшін кепілге қоятын мүлік, бизнес-жоспар жоқ. Осы себептен банктерде

шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландыруға асықпайды.

Тұрақты экономикалық жүйеде кәсіпкерлік: динамикалық түрде дамуы мүмкін, тұтынушылардың сұранысының өзгеруіне бейімделеді, бәсекелес нарықтық қатынастарға ықпал етеді, экономиканың құрылымдық қайта құрылуына әсер етеді, жаңа жұмыс орындарын ашады, жаңа кәсіпкерлік топ пен меншік иелерінің құрылуына жағдай жасайды, елдің жалпы ұлттық өнімінде үлкен үлеске ие бола алады, мемлекеттік бюджетке үлкен қаржы сомаларын береді. Заңдық құжаттарда көрсетілгендей, кәсіпкерлік – өзінің, қарызға алынған және де басқа мүліктері мен құралдар есебінен қызметке қатысушы тұлғалардың бәріне бірдей жақсы нәтиже мен табыс әкелетін ынталы шаруашылық немесе басқадай қызмет түрі. Кәсіпкерлер өз ынтасы бойынша өз иелігіндегі мүліктерді пайдалану бойынша барлық шешімдер мен іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы бар. Кәсіпкерлер қызметінің өрісі, заңға қайшылық етпесе шектелмейді. Республикамызда көптеген кәсіпкерлік құрылымдар құрылған. Олар: Кәсіпкерлер Конгресі, Қазақстан өнеркәсіпшілері мен кәсіпкерлерінің Одағы, Шағын кәсіпорындар Одағы, т.б. Кәсіпкер азаматтармен олардың еңбегін қолдану шартын бекіте алады. Бұл кезде оларды сәйкес еңбек жағдайымен, еңбекақысымен қамтамасыз етуі тиіс, сонымен қатар басқа әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер ұсынуы қажет.

Егер еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлік қарқынды түрде дамыса, бұл еліміздің экономикасының алға басуының бірден-бір кепілі болып табылады. Осындай экономикамыздың қиынқыстау кезеңінде біз барлық мүмкіндіктерімізді оңтайлы пайдалана білуіміз керек.

#### Әдебиеттер

- 1 ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жолдауы / 11.11.2014 ж.
- 2 Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау / <https://www.google.kz/#q=%D0%BA%D3%99%>
- 3 Отандық бизнес дамудың жаңа кезеңінде: Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі / «Егемен Қазақстан» газеті / <http://minregion.gov.kz/>

#### References

- 1 KR Prezidenti N. Nazarbaevtin «Nurli zhol – bolashakka bastar zhol» atti zholdaui / 11.11.2014 zh.
- 2 Shagin jane orta kasipkerlikti koldau / <https://www.google.kz/#q=%D0%BA%D3%99%>
- 3 Otandik biznes damudin zhana kezeninde: Kazakstan Respublikasi Onirlik damu ministriligi / «Egemen Kazakstan» gazetii / <http://minregion.gov.kz/>